Дәріс 13

Қоғам және мәдениет

Дәрістің мақсаты:

Қоғам мен мәдениет екі жамушы жүйе болып табылады, оның дамуы әлемдік оқиғалармен және қоғам өміріндегі тұрақты өзгерістермен байланысты, осы мәселелерді ашып талдап көрсету.

Дәріс жоспары:

1. Мәдениет ұғымы, оның мәні.
2. Қоғам философиялық ұғым ретінде.
3. Қоғамның қазіргі кезеңдегі даму ерекшелігі.

Мәдениет ұғымы және оның мәні

Мәдениет – адамзаттың материалдық және рухани шығармашылыққызметінің нәтижесі.Оладамдардың өмірсалтын,құндылықтарын,дәстүрлерін,білімінжәне дүниетанымынқалыптастырады.

Мәдениеттің негізгі ерекшеліктері:

- Адамзаттыңтарихитәжірибесінсақтайды.
- Ұрпақтанұрпаққаберіледі.
- Қоғамныңдамуынаықпалетеді.
- Адамныңруханижәнешығармашылыққабілетін дамытады.

Мәдениеттің негізгі түрлері



1. Материалдық мәдениет – адамның материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін құндылықтар. Мысалы: техника, ғимараттар, еңбек құралдары, өндіріс өнімдері.
2. Рухани мәдениет – адамның ой-санасы мен рухани Дүниесіне қатысты құндылықтар. Мысалы: ғылым, өнер, әдебиет, философия, мораль, білім.

Сонымен қатар мәдениет дәстүрлі және жаңашыл, Бұқаралық және элитарлық болыпбөлінеді.

Қоғам философиялық ұғым ретінде

Қоғам – адамдардың саналы іс-әрекеті мен өзара қарым – қатынасы нәтижесінде қалыптасқан тарихи бірлестік.

Қоғамның негізгі белгілері:

- Адамдардың бірлесіп өмір сүруі.
- Ортақ мақсаттармен мүдделердің болуы.
- Экономикалық және әлеуметтік қатынастардың қалыптасуы.
- Саяси, құқықтық және мәдени жүйелердің болуы.

Қоғам – үнемі өзгеріп, дамып отыратын күрделі әлеуметтікжүйе.





Қоғам туралы философтардың көзқарастары

Қоғамтуралы әртүрлі философиялық пікірлер қалыптасқан:

- Огюст Конт: қоғамең бөлінісімен ынтымақтастыққа негізделген жүйе.
- Эмиль Дюркгейм: қоғам – жеке адамнан жоғары тұратын ұжымды құрханишындық.
- Макс Вебер: қоғамадамдардың өзара әлеуметтік өрекеттерінің нәтижесі.
- Карл Маркс: қоғамның негізі – материалдық игіліктерді өндіру және қоғамдық қатынастар.

Қоғамның даму ерекшеліктері

Қоғам үнемі өзгеріс пен даму үстінде болады. Оның дамуына экономикалық ,саяси, әлеуметтік және мәденифакторларәсереТеді.

Қоғам дамуының негізгі ерекшеліктері:

- Ғылыми-техникалық прогрестің дамуы.
- Өндіріс пен технологияның жаңаруы.
- Адамдардың өмір сүру сапасының өзгеруі.
- Ұлттық мәдениеттердің өзара ықпалдасуы.
- Қоғамдық құндылықтар мен көзқарастардың өзгеруі.



Қоғамдық прогресс –қоғамныңтөменгі даму деңгейінен жоғары деңгейге қарай ілгерілеуі.

Қорытынды

Қоғамдық сана-қоғамдық болмыстан көрінетін адамдардың көңіл күйінің, тілегінің, идеалдары мен принциптерінің, теориялары мен көзқарастарының жиынтығы. Қоғамдық сана қоғамдық болмысқа абсолютті түрде тәуелді болады. Қоғамдық сана белгілі-бір өзіндік ерекшеліктерде болса, қоғамдық болмыс жалпы ерекшеліктерді береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Летопись тюркской цивилизации. Том 2. Тюркский мир в XIII–XVII вв 2025. Ұжымдық ғылыми монография · Барнаул: Алтай университетінің баспасы.
2. Ғабитовт.Х. Қазақ философиясының тарихы: оқу құралы. – Алматы., 2022.
3. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
4. Ғабитов Т. Х. Қазақтану: тарих философиясы Алматы., 2022. 314 бет.
5. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. Философия I, II том. Алматы, 2010
6. Аташ Б.М. Философия, Алматы, 2014
7. Ғабитовт.Х. Философия Алматы,.2022
8. Грядовой Д.И. Философия. М.,2012
9. Лавриненко В. Н. Философия. Учебник для вузов.М.,2012